

КЕ АҚ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Тарих факультеті
Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы

KBD 4312- Кітапхана құжаттарын консервациялау

Қорытынды емтихан бағдарламасы

Мамандығы: 6B03205 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер

Курсы - 4
Кредит саны - 5
Семестр - күзгі

Алматы, 2023 ж.

Емтихан бағдарламасын «6B03205 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығының жұмыс оқу жоспары және білім беру бағдарламасы пәндерінің каталогы негізінде п.ғ.к., қау.проф.м.а. Г.И.Нұржанова құрастырды.

Бағдарлама дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының мәжілісінде бекітілді. Хаттама № ____ «__» ____ 2023 ж.
Кафедра меңгерушісі _____ Р.С. Мырзабекова

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды
«__» _____ 2023 ж., хаттама № ____
Ғалым хатшы _____ Н.А. Тасилова

Қорытынды бақылауды (емтиханды) өткізу форматы: АЖ Univer/Стандартты/ Жазбаша (оффлайн).

Емтихан өткізу технологиясы бойынша нұсқаулық:

Емтихан студенттер мен оқытушыларға алдын-ала белгілі кесте бойынша өткізіледі.

Емтиханның ұзақтығы дәл 3 сағатты құрайды.

Білім алушының міндеттері:

1. Емтихан басталмас жеке басын куәландыратын құжатты көрсету. Жеке куәлік болуы қажет.
Жеке басын куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда білімалушы емтиханға жіберілмейді! Жалған тұлға анықталған кезде тәртіптік жауаптылыққа жалған тұлға да, білім алушының өзі де тартылады;
2. Әрбір емтихан сұрағына жауап нақты, анықболуы тиіс.

Тыйым салынады:

1. Емтихан кезінде рұқсат етілмеген қосалқы материалдар мен құралдарды (шпаргалкалар, ұялы телефондар (қосалқы немесе ажыратылған), смарт-сағатты, өзге де электрондық құрылғыларды және т.б. алып жүруге;
2. Шу, сөйлесу, орнынан тұру;
3. Кітаптарды, жобаларды, калькуляторларды тиісті рұқсат қағазынсыз пайдалануға

Қорытынды емтихан бағдарламасы

Кітапхана құжаттарын консервациялау

Кітапхана қорын сақтаудың мәні мен маңызы. Кітапхана қорын сақтау түсінгі.. Кітапхана қорының сақтау үдерістері. Консервациялау үдерістері. Құжаттарды қайта қалпына келтіру. Консервациялау үдерістерінің тиімділігі

Биофакторлармен күрес шаралары

Құжаттардың зақымдануы. Жалпы зақымданудың түрлері мен себептері. Қорды химиялық қорғау шаралары. Қорды физикалық, биологиялық қорғау шаралары. Құжаттарды тұрақтандыру. Тұрақтандыру әдістері. Құжаттарды қалпына келтіру

Кітапхана қорларының өрт қауіпсіздігі

Кітапхана қорларының өрт қауіпсіздігі. Құжаттарды ұрланудан және бүлінуден қорғау. Қорды адам факторынан қорғау шаралары. Құжаттың тұтастығына бақылау жасау. Апат қауіпінің алдын алуға бағытталған іс-шаралар.

Қорды өндеудің негізгі үдерістері

Қорды өндеудің негізгі үдерістері. Библиографиялық өндеу үдерістері. Құжаттарды техникалық өндеу үдерістері.

Құжатты қорды сақтау және сақталу туралы түсінік.

Құжаттарды сақтау тәртібі. Құжатты қордың сақталу шарттары. Қордың

пайдалану барысында сақталуы. Кітапхана қорын сақтау технологиясы. Кітапхана қорын консервациялау

Қорды басқару үдерістері.

Құжатты қорды басқару қызметтері. Кітапхана қорын сақтау теориясы. Құжатты қордың сапасын бағалау әдістері. Құжаттарды қалпына келтіру және тұрақтандыру.

ЕМТИХАНҒА ДАЙЫНДАЛУ ҮШІН ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі әдебиеттер:

1. Морева О.Н. Кітапхана қорын ұйымдастыру: оқу-тәжірибелік құрал / О.Н. Морева; ҚР Ұлттық кітапханасы; ауд.: Г.А. Маханбетова, Г.Т. Рахимжанова; ред.: К.К. Қоштаева, Б.Ш. Шаймерденова. - Алматы, 2017. - 158 б.
2. Морева О.Н. Документные фонды библиотек и информационных служб. – СПб.: Профессия, 2018. – 400 с.
3. Столяров Ю.Н. Документный ресурс: Учеб. пособие. – М.: Либерия-Бибинформ, 2016. – 224 с.
4. Столяров Ю.Н. Защита библиотечного фонда: учеб. пособие для студ. вузов / Ю.Н. Столяров. - М.: ФАИР-ПРЕСС, 2016. - 503 с.
5. Бағашарова Б.Т. Кітапханалық қор: оқу құралы / Нұржанова Г.И., Күрішбекова А.А. – Алматы: Қазмемқызпу, 2017 ж.
6. Митрофанова С.В., Учет библиотечных фондов: Метод. пособ. / С.В. Митрофанова. - М.: ИПО Профиздат, 2016. - 160 с. - ("Современная библиотека").

Қосымша:

7. Библиотечная энциклопедия / Рос. гос. б-ка. - М: Пашков дом, 2017. - 1300 с.: ил. Ключев В.К., Тартаковская Г.И.
8. Кітапханашы анықтамалығы. 1 бөлім / ҚР Ұлттық кітапханасы; құраст.: Г.А. Маханбетова, А.Қ. Байдарова, Р.Н. Бигазиева; ред.: Г.Т. Рахимжанова, жауап. ред.: К.К. Қоштаева. - Алматы, 2015. - 144 б.
9. Комплексная система экономической защиты библиотечного фонда: Метод. Пособие. - М.: 2018. - 35 с.
10. Шаймарданова З.Д., Мендыгожина С. Обзор национальных программ сохранности библиотек мира // Национальная библиотека: люди, факты, работа / НБРК. - Алматы, 2010. - С. 222-242.
11. Терешин В.И. Библиотечный фонд. - М., 2016. - 176 с.

Интернет-ресурстары:

1. www.nabrk.kz
2. www.kazneb.kz
3. <http://www.nauka.kz>
4. www.rsl.ru
5. www.allib.org
6. <http://ifla.org/>
7. <http://www.bibliograf.ru/>
8. <http://nilc.ru>
9. <http://www.gpntb.ru/win/ntb>
10. <http://www.library.ru/>
11. <http://www.lib-journal.ru>
12. <http://www.vadimstepanov.ru/>
13. <http://www.rba.ru/>

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлы ық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90-100 % (27-30 балл)	70-89 % (21-26 балл)	50-69% (15-20 балл)	25-49% (8-14 балл)	0-24% (0-7 балл)
1-ші сұрақ Пәннің теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну 30 балл	«Өте жақсы» бағасы барлық үш сұрақтың толық ашылуын, әр тұжырым мен қорытындының егжей-тегжейлі дәлелдерін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтарда өткен тақырыптардың мысалдарымен көрсетілген жауап үшін қойылады.	«Жақсы» бағасы барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелерді толық қамтылмаған, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдері көрсетілген жауап үшін қойылады, материалды жеткізудің қисыны мен дәйектілігінде қате жіберілуі мүмкін. Жауапта кейбір стилистикалық қателіктер жіберілуі, терминдер дұрыс қолданылмауы мүмкін.	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жариялануын қамтитын жауап үшін қойылады, негізгі ережелерді үстіртін дәлелдейді, баяндамада композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардың әзірленген конспектілерінің мысалдарымен суреттемейді.	Қойылған сұрақтарды дұрыс аша алмағанда, қате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасалған жағдайда.	Пән бойынша негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу, сұрақта көрсетілген фактілер мен оқиғаларды білмеу. Қорытынды бақылау жүргізудің ережелерін бұзу.
2-ші сұрақ Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану 30 балл	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап беру, пәннің практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, пәннің практикалық міндеттерін толық шешпеу, қойылған сұраққа толық емес, бірақ дәлелді жауап беру; пән бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыздау пайдалану;	Материалды үзік-үзік жеткізіледі, қисын мен дәйектілік бұзылады, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, пәннің теориялық білімі үстірт, біржақты қолданылады.	Тапсырманы шешуде ұтымсыз әдістің қолданылуы немесе жеткілікті ойластырылмаған жауаптың берілуі; тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер жіберу.	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытындылар жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізудің ережелерін бұзу.
3-ші сұрақ	Оқу	Тұжырымдамалық	Негізделген	Тапсырма	Тапсырма

Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі 40 балл	тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жауап беру, пәннің практикалық мәселелерін шешу; Ғылыми ережелер, қолданылған әдістеме мен технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми тілдің нормаларын сақтау, тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі.	материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кіші-гірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктердің болуы.	өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу ережелерін бұзу.
---	--	--	--	---	---